

2022 жылдың 24 ақпанында Семей қаласының «Көлік колледжі» КМҚК жалпы техникалық пәндер оқытушысы Нурбек Даутович Жайсембаев озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату шеңберінде «Сызу» пәні бойынша «Проекциялық сызу» тақырыбында облыстық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты-кәсіби деңгейді арттыру, озық тәжірибемен алмасу және өз тәжірибесін жаңа бастаған оқытушыларға беру.

Нурбек Даутович оқу материалының ерекшеліктері мен пәннің ерекшелігін ескере отырып, сабақтың мақсаттарын дұрыс ойластырып, тұжырымдады. Нурбек Даутович «Проекциялық сызу» тақырыбына бейне-сабақ және жұмысты өткізу үшін презентация дайындады.

Сабақ ZOOM бағдарламасының көмегімен өткізілді. Осының арқасында сабаққа тек колледж оқытушылары мен әкімшілігі ғана емес, сонымен қатар қала мен облыстың басқа оқу орындарының әріптестері де қатыса алды. Сабаққа қатысқан оқытушылар оң баға беріп, сабақтың жоғары әдістемелік деңгейде өткенін атап өтті.

Сабаққа сілтеме: <https://youtu.be/bPfqhvnEv2Y>



